


# ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

## ИНТЕРНЕТТЕГІ СЕКСУАЛДЫҚ





«Жыныстық қатынас» желідегі ең көп қолданылатын іздеу сұраныстарының бірі болып табылады және осы тақырыпқа арналған интернет-сайттар әуелден-ақ өркендеуде.

Интернеттегі сексуалдықтың таралуы желідегі жақсыны, жаманды және зиянды және біз оның көптеген ортасына кіргенде өзімізді қалай ұстайтынымызды көрсетеді.

Адамдардың іздеу термині ретінде «жыныстық қатынас» сөзін енгізуіне әртүрлі нәрсе түрткі болады. Олардың көбісі жай ғана өздері білмейтін ақпаратты іздейді. Кейбіріне белгілі бір сұрақтарды қою тым ауыр болуы мүмкін және олар сұрақтардың өзі жасырын ақпаратты ашып қояды деп қорқады.

Сауалнамалардың бірінде сұхбаткерлер сексуалдық мәселелер жайлы айта алмай, өздерінің білімге, әуестікке және жай ғана ұялуға бейім болғандықтан кіретіндіктерін айтқан.

Интернет-ақпарат әсіресе жасөспірімдер үшін ересек өмірге өту кезінде тұрақты ұқсастықтың қалыптасуы барысында аса құнды. Көпшілігі сексуалдық денсаулық немесе мектепте, білім алу барысында айтылмайтын тақырыптар жайлы ақпарат іздейді.

Интернеттің сексуалдық ақпарат көзі ретіндегі негізгі кемшіліктерінің бірі – көптеген онлайн-ресурстардың күмәнді сапасы болып табылады. Жасөспірімдер ақпарат алу үшін кіретін жүз жетпіс веб-сайтқа жасалған талдау сапа мен дәлдіктің айтарлықтай ерекшеленетіндігін көрсеткен. Контрацепция тақырыбына арналған сайттардың жартысында дерлік кем дегенде бір олқылық болған.

Соз аурулары мен АИТВ талқылайтын сайттардың 25 пайыздан көбінде кем дегенде бір қателік болған.

Интернеттегі тұлғааралық қатынастардың ең түсініксіз құрауышы киберсекс шығар, ол жерде екі адам бір-біріне ашыналық хабарламалар жіберу арқылы сексуалды түрде қозады. Бұл синхронды чаттар, шұбыл хабарламалармен алмасу немесе бейнечат болуы мүмкін. Киберкеңістіктегі жыныстық қатынас тәжірибесінің көптеген атауы бар және олардың барлығы ортаның гипертұлғалық араласуды қатты қолдауы себепті виртуалды құмарлықтың сан түрлерінің өте танымал екендігін көрсетеді.

Кибержыныстық қатынаспен кім айналысады? Өз уақытында «кибержыныстық қатынас» термині негізінен бейтаныс адамдар арасындағы онлайн-жыныстық қатынаспен байланыстырылатын және бұл желі қолданушылары негізінен жастар болғанда шын болуы мүмкін еді.

Интернеттегі басқа қызмет түрлері сияқты бұл да өзгеріске ұшырады. Кибержыныстық қатынас енді нақты өмірде серік болып табылатын адамдар арасында кең танылған. Кем дегенде бір реттік кибержыныстық қатынас тәжірибесі бар ерлер мен әйелдерге сауалнама жүргізу барысында сұхбаткерлердің 82 пайызы кем дегенде бір тәжірибенің олардың негізгі серіктерімен болғандығын айтқан.

37%-ы бейтаныс адаммен кибержыныстық қатынас болғанын айтқан. Ал қолданушылардың 6,5%-ы кибержыныстық қатынаспен тек бейтаныс жандармен ғана айналысатындықтарын айтқан.

Швецияда жүздеген ересек адамға жүргізілген сауалнама 18-ден 24 жасқа дейінгі ер адамдардың 38 пайызы отыз төрт пайыз әйелдермен салыстырғанда кибержыныстық қатынас тәжірибесі болғанын айтқан. Бірақ бұл цифр елу жастан асқан әйелдер үшін өсе берген.

Ерлердің пайызы жиырма төрт жастан кейін төмендей түскен.

Эротикалық әдебиетке ешқашан ашық қызығушылық танытпаған күйеудің әдепсіз суреттерді «жүктей» бастауын, ал телефон арқылы жыныстық қатынасына хабарласу ешқашан ойына кіріп шықпаған әйелдің эротикалық чаттарға кіріп немесе интернетте танысқан еркекпен телефонмен жыныстық қатынаспен айналысатындығын елестетудің өзі қиын. Бірақ бұл – шындық. Сонымен қатар, статистика бойынша, 15, 20, 25 жылға созылатын бақытты отбасылар кибертәуелділіктен үш немесе төрт ай өткенде ажырасып кетеді екен.

Жалпы алғанда кибержыныстық қатынас пен романтикалық әңгімелесулер зиянсыз алданыш болып табылады. Себебі адамдар бір-бірінен мыңдаған шақырым жерде өмір сүреді. Бірақ қаншалықты зиянсыз болса да, мұндай шытырмандар жұбайлар арасындағы шынайы қатынасқа түзелмейтін зиян келтіреді – олар тірі қатынасқа уақыт қалдырмайды. Киберсексуалдық оқиға, ережеге сай, порнография көруден және киберсекспен айналысудан басталады. Жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша ерлер әдетте порнография көрсе, әйелдер бірден іске көшуді артық көреді.



Интернет виртуалды жыныстық қатынаспен айналысудың тартымды жағдайларын тудырады. Біріншіден, электронды байланыстардың анонимділігі көпшілікке эротикалық чаттарға өз серіктері танып, ұстап алады деп қорықпастан жасырын түрде кіруге мүмкіндік береді. Виртуалды көңілдестің тұрғылықты жері мен жұмыс орны құпия сақталады. Әдетте компьютерлік махаббат оқиғасы адамдар ойдан шығарылған атпен кіріп, шынайы уақытта сөйлесе алатын чаттарда басталады. Жіберілетін хабарламалардың дәл осы анонимділігі мен бейресмилігі кибертәуелділіктің пайда болуының бастапқы қадамдары болуы мүмкін. Сәл ғана уақыт өткен соң зиянсыз әңгімелер виртуалды опасыздыққа дейін өсетін эмоционалды әңгімелерге ауысуы мүмкін.

Әдетте әуесқой әйелі немесе күйеуі чатқа лақап атпен кіреді. Алдымен олар физикалық байланыс болмаған соң, зиянсыз болып көрінетін виртуалды опасыздыққа жай ғана көз жеткізгілері келеді. Бірақ жақын арада ерлі-зайыптылар бір-бірінен өзінің интернетте қалай уақыт өткізетіндіктерін мұқият жасыра бастайды.

Кибертәуелді адамдардың мінез-құлқында, көңіл күйінде және тәртібінде өзгерістер байқала бастайды. Мысалы, нәзік және ерке әйел суық және енжар, ал көңілді және ақкөңіл еркек салмақты және байсалды болып кетеді. Зерттеулер көрсеткендей, интернетке тәуелді адамдардың шынайы жыныстық серіктеріне қызығушылығы төмендейді.

Шынайы, күйзеліске толы өмірден жеңіл қашып кету мүмкіндігі адамды қиялдардың виртуалды әлеміне тартады. Виртуалды қатынастар толығымен мінсіз болып көрінеді. Бірақ интернеттің өзінің не екенін ұмытпаған жөн – жаңа ақпарат алудың бейтарап құралы, ал оны шексіз қызықты және тірі ететін адамның өзінің қиялы.

Кибержыныстық қатынастың оң және теріс салдарлары болуы мүмкін. Оң жағынан қарастыратын болсақ, интернет сексуалдықты шынайы кездесулермен салыстырғанда қауіпсіздеу жаңаша тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. Қатысатын әйелдер санының артуы олардың көбісінің дәл осыны жасайтындықтарын көрсетуі мүмкін, оған онлайн-әлемнің тежеуші салдарлары, сондай-ақ кішірейген қатерлер жол ашады.

Сексуалды сипаттағы материалдар ересектерге арналған кітап дүкендерінде, телефон арналарында және әсіресе, Интернетте өте үлкен қолжетімділікте бар. Эротика интернетте қалай дамиды және ол адамның тәртібіне қалай әсер етеді?

Кей әлеуметтанушылар сексуалды сипаттағы материалдарды пайдалану зиянсыз және оның функционалды, дұрыс және кей мағынада босатушы болуы мүмкін екендіктері жайлы айтады. Себебі олар білім алуды, эротикалық жетілуді, зерттеулер мен көңіл көтерулерге шығуды қамтамасыз етеді.

Алайда басқалары этикалық және моральдық мәселелерді, әсіресе, әйелдердің пайдалануы мен объективтендіруін атап көрсетеді. Ер адамдар – эротиканың негізгі тұтынушылары және негізгі мәселе әйелдердің соншалықты көп материалдарда бейнеленуі болып табылады.

Көпшілік елдердің порнографияны қолдануды шектеуі дүние жүзіндегі көп адамдардың порнографияның белгілі бір дәрежеде теріс әсері жоқ деп ойлайтындықтарын көрсетеді.

Тыйым салу мен күтілімге қарамастан сексуалды себептегі қылмыстар саны төмендеген жоқ. Бұл сексуалдық қылмыстар мен ересектерге арналған сайттарды көру арасында тікелей байланыстың жоқ екендігі жайлы гипотезаны растайды.

Соған қарамастан, зерттеу нәтижелері мұндай web-ресурстардың, әсіресе, қоғамдағы сексистік қатынасқа ілігетін әйелдер үшін теріс әсерлерінің де бар екендігін растайды.

Сонымен қатар некеге дейінгі және некесіз жыныстық қатынасқа деген көзқарас та жақсы жаққа өзгеріп жатқан жоқ.

Көптеген интернет-қолданушылар эротикалық материалдардың кездейсоқ әсерін электронды поштадағы спам немесе жылжымалы жарнама терезесі арқылы көріп жатады. Жастарға осылай ықпал ету түрі жайлы алаңдаушылық мәселесі өзекті болып табылады. Алайда соңғы жылдардағы статистика мұндай ықпал етудің айтарлықтай төмендегенін көрсетеді. Бұл сүзгілеуші бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланудың кең таралғандығының себебінен болуы мүмкін.

Сонымен қатар, американдық ғалымдар қазіргі таңдағы жастарды интернетте жыныстық қатынастың қызықтырмайтындығын анықтады. Жастар сексуалды салғырттық танытып, виртуалды жақындықты – шынайы деп есептейді.

Мамандар жиырма жеті мың ерікті арасында сауалнама жүргізіп, заманауи жастардың дұрыс қатынастарға деген қызығушылығының біртіндеп төмендегенін және олар өз ата-анала-



рының жас кезімен салыстырғанда жыныстық қатынаспен айтарлықтай сирек айналысатындығын анықтады.

Сауалнама мәліметтері бойынша заманауи жастардың 15%-ы 20 жастан кейін де пәк күйінде қалады екен. Сонымен қатар олардың көпшілігі оларда онсыз да барлығының жақсы екендігін айта отырып, өздеріне жыныстық қатынасқа түсетін серік табуға асықпайды.

Сарапшылардың пікірінше мұның барлығына кез келген уақытта қалаған нәрсеңді алуға болатын әлеуметтік желілер, қолжетімді эротика және виртуалды секс-ойындардың танымалдылыққа ие бола бастауы.

«Бұрын жыныстық қатынастан бас тарту жоғары өнегенің көрінісі болса, қазіргі жастар виртуалдыға көп қызығатындықтан шынайы жыныстық қатынасқа қызықпайды», – дейді зерттеу авторлары.

Нәтижесінде жасөспірімдердің, тек олардың ғана емес, қиялдағы мінсіз әлемді құруға болатын компьютердің алдында көп отыратыны соншалықты, олар ақырында күйзеліске ұшырап, шынайы қарым-қатынасқа қызықпайды.

Жоғарыда интернетте көп уақыт өткізетін адамдардың семіруден және ұйқы мәселелерінен зардап шегетіндігі дәлелденді.

Сонымен қатар тек әлеуметтік желілер ғана емес, сериал қарау да сексуалдық өмір сапасына әсер етуі мүмкін. Кембридж университетінің ғалымдары соңғы жылдары «Тақтар ойыны» сериалының жыныстық қатынастан да танымал болғандығын анықтады.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар балаларға шексіз қарым-қатынастар мен ақпаратты қолжетімді ете отырып, олардың өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Алайда олар интернеттегі сексуалдық пайдаланудың жаңа түрлерінің қатерлі өсіміне әкеле отырып, балаларды жаңа қорлықтың жаңа түрлеріне итермелейді.

Интернеттегі сексуалдық пайдалану құрбаны болған балалардың нақты саны белгісіз. Интернеттің жедел желісі халықаралық қауымдастығының мәліметтері бойынша 2012 жылдан 2014 жылға дейін балаларға қорлық көрсету көріністері бар материалдарды қамтитын веб-парақшалардың саны 147%-ға өскен, олардың 80%-да 10 жастағы және одан да кіші ұлдар мен қыздар қатысқан.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және сексуалдық пайдалану мәселесіне арналған адам құқығы жөніндегі Кеңес отырысы барысында адам құқығы жөніндегі Жоғарғы комиссар Төрағасы Кейт Гилмор балаларға сексуалдық зорлық көрсету көріністері бар жаңа материалдарға деген сұраныстың артуына байланысты алдағы жылдары интернеттегі сексуалдық пайдаланудың артуы мүмкін екендігін атап өткен.

Бұл жаңа материалдар ашық мазмұнды СМС алмасу және ересектер веб-камера алдында сексуалдық әрекеттер орындайтын балалардың жанды бейнежазбасын көру және оларға жіберу үшін ақша төлейтін балалардың сексуалдық пайдалануының интернет-трансляциясы сияқты өздігінен құрылатын контенттің таралуын қамтиды. Мысалы, Австралия билігі балаға сексуалдық зорлық көрсетіп, оны туған сәтінен бастап суретке түсірген адамдар тобын қамауға алды. Ұйымдастырушылар суреттерді шифрланған желі көмегімен әлем бойынша онлайн таратып отырған.

Басқаша айтатын болсақ, жаңа технологиялар өз құрбандары немесе материалдарға тікелей қол жеткізудің жаңа тәсілдерін ұсынады.

Интернеттің пайда болуы өмірдің барлық, соның ішінде сексуалдық саласындағы ақпараттық жағдайды түбегейлі өзгертеді. Адамдар тарихта алғаш рет тек өздерінің тікелей бастықтарының ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік шегаралардан өтіп кетіп, үкіметтің де басы арқылы араласа алады. Бұл, әрине, үлкен жетістік.

Бірақ Интернет сексуалдық мәдениеттің даму үшін не береді?

Біріншіден, сексуалдық білім берудің ашық және дербестендірілген жаңа түрлері. Шет елде интернеттің бұл функциясын түсіндірумен кәсіби сексологтар айналысуда.

Екіншіден, адамдар сексуалдық тәжірибесімен бөлісіп, жай ғана әңгіме айтатын модерацияланатын бірнеше конференция бар. Олардың кейбірі әдепті болып көрінеді, ол жерде бейәдеп сөздер, ұятсыздық жоқ. Ал ойлар, әрине, әртүрлі болады. Шынайы еркектер мен әйелдердің таныстықтағы сияқты.

Үшіншіден, интерактивтік виртуалды шындық адамдарға жаңа таныстар тауып, олармен араласу кезінде шынайы өмірде өздері қол жеткізе алмайтын әртүрлі сексуалдық рөлдер мен



жағдайларды ойнауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жалғыз, ұялшақ және сексуалдық қиялдары әдеттегіден тыс, тыйым салынған дүниелерді қамтитын адамдар үшін құнды болады.

Виртуалды жыныстық қатынас нағыз тән қатынасын алмастырмайды, бірақ бұл түк болмағаннан жақсы. Виртуалды ғашықтардың шынайы өмірде кездесуі әдетте драмалық түңілулерге әкелетіндігі, сексуалдық күштің салыстырмалы түрде жеңіл бітуі шынайы өзін ашып көрсетуге және адамдармен қарым-қатынасқа деген ынтаны әлсірететіндігі шындық. Кей кезде ұялшақ және көпшіл емес адамдарда осылай болады. Бірақ тұлға қасиеттері интернетке тәуелді емес.

Төртіншіден, Интернетте көптеген сексуалдық-эротикалық материалдар мен бейнелер бар. Осы себепті бірқатар рухани, эстетикалық және педагогикалық мәселелер туындайды.

Адам сексуалдылығы да, мәдениет те онсыз болуы мүмкін емес эротика дегеніміз – сексуалдық сезімдер, қиялдар және қобалжулар, сонымен қатар, оларды ынталандырушы әдеби, бейне, аудио және басқа да материалдар. Пуритандық рухта тәрбиеленген адамдар «эротика» және «эротизм» сөздерін «жануарларға тән», ұятсыз нәрсені білдіретін әдепсіз тіркестер деп қабылдайды. Шын мәнінде дәл сол жануарлар эротиканы білмейді және өздерінің сексуалдық репертуарын түрлендіре алмайды. Эротикалық белгілер мен бейнелерге сезіммен жауап беру және оларды өз қиялын объективтендіре отырып, саналы түрде құру қабілеті – өнер тарихы көрсеткендей ежелгі дәуірден бері тек адамға ғана тән қасиет.

Эротикалық бейнелер негізгі төрт функцияны атқарады:

1) Олар сексуалдық-маңызды қасиеттер мен қобалжуларды көрсетіп және тіркей отырып, таным құралы болып табылады.

2) Олар сексуалдық қозуды ынталандырушы белгілі бір афродизиактар қызметін атқарады.

3) Олар біздің сексуалдық тәртібіміздің репертуарын байытып және оны жаңалықтармен толықтыра отырып, сексуалдық қанағаттану мүмкіндіктері мен шеңберлерін кеңейтеді.

4) Эротикалық қиялдау адамға шындықтың қатаң шектерін еңсеруге және оларға физикалық түрде қолжетімсіз қобалжуларды сезінуге мүмкіндік береді.

Эротикалық материалдар әртүрлі болады. Олар келесі белгілер бойынша ерекшеленеді:

- мазмұны бойынша;
- ашықтық және бөлшектік деңгейі бойынша;
- этикалық және эстетикалық деңгейі бойынша.

Бұлайырмашылықтар маңызды болса да, олардың белгілері мәдени-тарихи болып табылады және жеке талғамдарға тәуелді болады. Бұқаралық мәдениетте бұл шектер одан әрі бұлыңғыр болады. Альгайер ерлі-зайыптыларының танымал американдық сексология оқулығында эротикаға «көрерменге қолайлы сексуалдық бағытталған материал», ал порнографияға «көрерменге қолайсыз сексуалдық бағытталған материал» деген анықтама береді. Сондықтан қоғамдық өмірдің осы саласын құқықтық реттеу үлкен қиындықтар тудырады.

Порнография өз тұтынушыларына қалай әсер етеді? Кертартпа күштер аталған тақырып шеңберіне барлық мүмкін болатын сұмдықты айдап әкеледі. Алайда ғылыми мәліметтер бұл қатерлерге дәлел келтірмейді. Порнографияны тұтыну сексуалдық тәртіптің белгілі бір түрімен байланысты, мұның еш кемшілігі және әлеуметтік қатері жоқ.

Ғалымдар коммерциялық эротикамен тыйым салу арқылы күреспеу керек деп есептейді, дұрысы – оның таралуын басқа әдістермен реттеу. Бұл оның мазмұнына да, әлеуетті тұтынушылар тобына да қатысты. Бүкіл әлем бойынша тыйым салынған материалдар қатарына балалар порнографиясы (балалар мен жасөспірімдердің сексуалдық суреттері) жатады.

Сексуалдық зорлық көріністері де сақтық тудырады. Бұл себептердің өзінің «табиғи заңдылықтан тысқары» болуынан емес, кейде ойын, шартты эротикалық зорлықты шынайы, психотикалық зорлықтан айырудың қиындығынан болады. Ересек адамдар кез келген эротикалық ойыншықтар мен бейнелерді пайдалана алады, бірақ қиял мен шынайылықты әлі ажырата алмайтын балалар мен жасөспірімдерді әлеуетті қауіпті әсерлерден мүмкіндігінше шектеу керек.

Жастарды жыныстық қатынастан қанша «алыстатуға» тырысса да (мұнан ешнәрсе шықпайды), дұрыс сексуалдық білім беруді енгізген дұрыс. Интернет, өзінің ең жақсы үлгілерінде де мұны жасай алмайды.